bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Ы дыбыс мен әрпі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 08.12.2018 | https://bilimger.kz/46064/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:**<br>**Сынып: 1** | **Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** | |
| **Сабақтың тақырыбы** | Менің сыныптас достарым. Ы дыбысы мен әрпі (3-ші сағаты) | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер,  сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.<br>1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.<br>1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту. 1.3.11.1   Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | Барлығы: Тақырыпқа байланысты сөздер айтып жазады, әріптерді дыбыспен сәйкестендіреді, сөйлем туралы түсінеді<br>Көбі: Берілген әріптерден сөздер құрастырып жазады<br>Кейбірі: Күрделі сөйлем құрастырады | |
| **Жетістік критерийлері** | Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.<br>Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу | |
| **Пәнаралық байланыс** | Өнер, ана тілі сабағы | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Аудиожазба , таныстырылым. | |
| **Тілдік құзыреттілік** | Ы дыбысы мен әрпі. | |
| **Сабақ барысы** | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру | Ыдыстарын Ырысты,<br>Таза жууға тырысты.<br>Ырыстыға ыдысты,<br>Анасы келіп жуысты.<br>(Оқушылар дөңгеленіп тұрып жаңылтпаш айтады, қасындағы көршісімен жаңылтпашта кездесен «ы» әрпін санайды )<br>Ы дыбысын сипаттайды. | Шаттық шебері |
| Сабақтың ортасы | №1 Тыңдалым.<br>№2 Оқылым.<br>Ыдыс ыдыстар сату сатушы    ырыс    ырысты сыр  сырды  сары  тары.<br>(Мұғалім оқиды (оқушыға оқытуға болады), оқушылар қайталап оқиды))<br><u>«Шапалақтау» арқылы бағалау</u> | Таныстырылым, оқулықпен жұмыс |
| **<u>Дәптермен жұмыс</u>**<br>Көркем жазу сәті | Жазуға кіріспес бұрын:<br>1-2-3,<br>Бойға жинап күш.<br>Қолға қалам аламыз,<br>Әдемі етіп жазамыз.  (қимылмен орындайды)<br>*Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы  Ы ы*<br><u>Әр оқушы өзінің жазуынан ең әдемі шыққан жазуын қоршау арқылы өз-өзін бағалайды</u> | Жазу дәптері |
| **<u>Қызықты тапсырма</u>** | №3 Суреттерге қараңдар. Қай оқушы өзін үзілісте жақсы ұстады. Қай оқушы өз тәртібін жөндеуі ерек? | Оқулық |
| **<u>Сергіту сәті</u>** | «Қызыл гүлім — ай» көңілді ырғақты әуенмен қайталап билеу | Проектор, бейне ролик |
| **<u>Топтық жұмыс</u>**<br>Қима әріптерден сөздер құрастыру | Оқулықпен жұмыс барысында қима әріптерден берілген суреттің атауын құрастырып жазады.  **Саралау әдісі** бойынша деңгейлеріне қарай тапсырма беремін.<br>А деңгей –суреттің атауын жазады;<br>В деңгей –суреттің атауын жазады, дыбыстық талдау жасайды.<br>С деңгей –суреттің атауын жазады және сол сөзге сөйлем құрастырады, сол сөйлемнің сызбасын сызады.<br>(Тақтаға түрлі суреттер ілінеді. Ортаға тасталған  қима әріптер беріледі)<br><u>Әр топ өзін бағалайды</u> | Қима әріптер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Барлық оқушылар бір тапсырманы орындайды.<br>Қосымша тапсырма:<br>Сөйлем сызбасымен жұмыс | _____ _____.<br>_____ _____ _____.<br><br>_____ _____ _____ ______.<br>Сюжетті суретке сызбаға сәйкес сөйлем құрастырады.<br>Мадақ сөздермен өзара бағалайды | Сюжетті сурет |
| Сабақтың соңы | Рефлексия<br>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау<br>Сұрақтар қойылады:<br>Қандай әріпті өттік?<br>Сипатта<br>Ы дыбысы кездесетін сөздер айт<br>Смайликтер арқылы көңіл күйлерін білдіреді | Смайликтер |
| Қосымша ақпарат | | |
| Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсету<br>**Белсенді әдіс** қолдандым.<br>Оқулықпен жұмыс барысында қима әріптерден берілген суреттің атауын құрастырып жазады.<br>**саралау әдісі** бойынша деңгейлеріне қарай тапсырма беремін.<br>А деңгей –суреттің атауын жазады;<br>В деңгей –суреттің атауын жазады, дыбыстық талдау жасайды.<br>С деңгей –суреттің атауын жазады және сол сөзге сөйлем құрастырады, сол сөйлемнің сызбасын сызады.<br><br>**Қорытынды тәсіл**<br>Барлық оқушылар бір тапсырманы орындайды. | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру<br>«Шапалақтау» арқылы бағалау – оқылымда,<br>Өз-өзін бағалайды — Әр оқушы өзінің жазуынан ең әдемі шыққан жазуын қоршау арқылы,<br>Әр топ өзін бағалайды — топтық жұмыста,<br>Мадақ сөздермен өзара бағалайды -Сөйлем сызбасымен жұмыста,<br>**Рефлексия**<br>Сұрақтар қойылады. Смайликтер арқылы көңіл күйлерін білдіреді | Пәнаралық байланыс<br>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы<br>Қимыл қозғалысқа сергіту сәтін өткіземін. |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.